**В ХОДЕ ВСТРЕЧИ С РУКОВОДСТВОМ АМЕРИКАНСКОЙ КОМПАНИИ WABTEC БЫЛИ ОБСУЖДЕНЫ ПЕРСПЕКТИВЫ РАСШИРЕНИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА В СФЕРЕ ТРАНСПОРТА И ПРОМЫШЛЕННОСТИ, ОТКРЫТИЯ ИНЖЕНЕРНОГО ЦЕНТРА КОМПАНИИ В КАЗАХСТАНЕ, А ТАКЖЕ ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ РАБОЧЕЙ ПРАКТИКИ СТУДЕНТАМ, ОБУЧАЮЩИМСЯ ПО СТИПЕНДИАЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ «БОЛАШАК».**

Мурат НУРТЛЕУ,
министр иностранных дел РК


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

*РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА*
*ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА*

**№29** (2959)
02/04/2024


## МАЗАСЫЗ МАУСЫМ: ЖАҒДАЙ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

**Қазақстанның батыс және шығыс, солтүстік облыстарының біраз бөлігін қарғын су басып, тұтас елдімекендер, тұрғын үйлер мен маңызды ғимараттар, мал-мүлік тілсіз жау құрсауында қалды. Ел басына күн туған қиын-қыстау күндері теміржолшылар жұмысы күшейтілген режимге көшіріліп, қауіпті телімдер жіті бақылауға алынды.**

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Астана

Магистральдық желі дирекциясына қарасты Жол және жасанды құрылыстар департаментінің мәліметінше, дәл бүгінгі таңда теміржол магистралін су басқан дерек жоқ, пойыздар қозғалысына қауіп төніп тұрған жоқ. Бұл ең алдымен ҚТЖ-да жыл сайын көктемгі су тасқынына әзірлік кешенді түрде және тиянақты жүргізіледі десек, қателеспейміз.

– Темір жол бойында 670-тен астам қауіпті орындар бар, олардың бәрі ертеден ерекше бақылауға алынып, су бұру жолдары, көпірлер, бөгеттер, су қоймалары мен өткізгіш құбырлар, дренаждық құдықтар қар мен мұздан тазартылды. Жылдағыдай су шайып кетуге қарсы 45 пойыз жасақталды. Вагондар барлық қажетті құралдармен және материалдармен жабдықталып, 2650 текше метр кесек тастар, 8 мыңнан астам кондициондық емес шпалдар тиелген. Пойыздардың тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылған, олар темір жол зақымдалған жағдайда тез қалпына келтіріп, пойыздардың қауіпсіз өтуін қамтамасыз етуге сақадай сай тұр. Станциялар мен аралықтарда, сондай-ақ өзендер мен су қоймаларына тікелей жақын орналасқан жол учаскелерінде су тасқыны жағдайына күнделікті мониторинг жүргізілуде, – дейді Жол және құрылыстар департаментінің менеджері Ардақ Төлеуғалиев.

Теміржолшылар тасқынға тосқын жасаудың барлық әрекетін жасауда. Көпірлер, су өткізгіш құбырлар, қар-мұздан және қоқыстан тазартылып, таулы және су бұрғыш жыралар, науалар мен кюветтер аршылған. Бірқатар өзендерде мұзды ұсақтау бойынша бұрғылау-жару жұмыстары жүргізіліп, 83 бөгет пен су қоймалары тексерілген. Ақтөбенің Жем станциясына іргелес жатқан жеке меншік темір жолды су шайған. Ал Жем станциясының өзінде судың жиналуы байқалмайды. Қарағанды облысының Ақсу-Аюлы аумағында қардың қарқынды еруіне байланысты Шерубай-Нұра өзені ернеуінен тасып, «Екатеринбург-Алматы» тас жолы уақытша жабылды. Осыған байланысты «Жолаушылар тасымалы» АҚ Қарағанды облысының тұрғындарын эвакуациялауды ұйымдастырды. Халықты тасымалдауды қамтамасыз ету үшін бір рейс жолаушылар пойызы шығарылып, бірнеше жолаушы пойыздарына қосымша вагондар тіркелген. Нәтижесінде су басқан аймақтардан 1200-ден астам тұрғын қауіпсіз аумаққа тасымалданған. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да арнайы штаб құрылып, жағдайды бақылауда ұстап отыр.

*Тақырыптың жалғасы 2-3 беттерде...*

### РЕКОРДНЫЙ УСПЕХ

**На международном пограничном переходе Достык – Алашанькоу установлен новый рекорд. 28 марта текущего года в Китай был доставлен 21 состав.**

Железнодорожниками отправлено 20 поездов по широкой колее, состоящих из 732 вагонов весом более 40 тысяч тонн, и один поезд по узкой колее, включающий в себя 50 вагонов с общим весом 1 498 тонн. До этого в экспортном сообщении ежедневно отправлялось 16 поездов.

Столь высокое достижение подчеркивает эффективное сотрудничество двух стран, где перспективы развития международного перехода Достык – Алашанькоу остаются актуальными для экономики страны.

В этот день высокий профессионализм проявили маневровые диспетчеры Таскын Каримов и Ерлан Кажибеков, дежурные по станции Еркебулан Бошаев и Адил Нурмуханов, дежурные станционного поста централизации – Мерей Каниятов, агенты по передаче грузов – Куралай Битанова, Аскар Котанов и Вячеслав Васюк. Стоит отметить и диспетчерский аппарат РЦУП-2 Алматы, включая поездных диспетчеров участка Актогай – Достык Ерхата Аймамбетова и Руслана Исмаилова, дежурных по отделению Алмаса Жунисова и Алибека Талдыбаева, начальников смены Азата Жуманова, Ерлана Ахметова, которые мастерски контролировали движение поездов, обеспечивая эффективное продвижение составов.

Как отмечает директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов, рекорд установлен благодаря совместным усилиям и работе сотрудников китайской железной дороги, ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», станции Достык, а также специалистов Алматинского областного управления транспорта.

*Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы*

**Айдын САТЫБАЛДИН,**
Алматы локомотив пайдалану депосының бастығы:

**БІЗДІҢ ДЕПОДА АПАТТЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША МАҚСАТТЫ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛЕДІ. БҰЛ ІС-ШАРАЛАР КЕШЕНІ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН. ЛОКОМОТИВ БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТІК ЖАҒДАЙ ДЕҢГЕЙІН, КӘСІБИ ТИІМДІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ – КӘСІПОРЫННЫҢ БАСЫМДЫҚҚА ИЕ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ**

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ БИЫЛ ЖОЛАУШЫЛАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ САПАСЫН КӨТЕРІП

**220**

ЖУЫҚ ВАГОН САТЫП АЛУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР.

QSAMRUK.KZ САЙТЫНДА

**540**

АСТАМ КОМПАНИЯ, ОНЫҢ ІШІНДЕ «ҚТЖ» ҰК» АҚ ТОБЫ ӨЗДЕРІНІҢ АШЫҚ БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ЖАРИЯЛАП, КАДРЛАРДЫ ІРІКТЕУ КОНКУРСТАРЫН ӨТКІЗЕДІ.

ҚЫТАЙ ОН ЖЫЛ ІШІНДЕ ЕУРОПАҒА

**85 000**

КОНТЕЙНЕРЛІК ПОЙЫЗ ЖӨНЕЛТКЕН, ОНЫҢ 80% ҚАЗАҚСТАН АРҚЫЛЫ ӨТКЕН.

## Проект

## СТРОИТЕЛЬСТВО ИДЕТ ПО ГРАФИКУ

**Реализация проекта «Строительство обводной железнодорожной линии в обход железнодорожного узла станции Алматы» позволит переориентировать грузопоток на новую железную дорогу Жетыген – Казыбек бек, минуя станцию Алматы. Важно, что строительство железной дороги в обход Алматы идет строго по графику.**

**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Астана

Напомним, инфраструктурный проект, имеющий большое значение для развития транспортно-транзитного потенциала республики, реализуется по поручению Главы государства. Новая ветка позволит снизить нагрузку на Алматинский узел на 40% и существенно сократит время доставки грузов.

В настоящее время работы развернуты на участках протяженностью в 20 километров, задействовано более 100 единиц спецтехники и порядка 300 человек. Общая протяженность главных путей составляет 75, станционных – 50 километров. В целом по завершении проекта будет построено 125 километров железнодорожных путей.

Также на проекте будут произведены земляные работы объемом 6,5 миллиона кубических метров, возведено 18 мостов, один автодорожный путепровод на станции Жетыген, 49 водопропускных труб разных диаметров и конфигурации.

Участники мегапроекта подчеркивают, что строительство железной дороги очень сложный и объемный процесс, состоящий из нескольких этапов – подготовительных работ, геодезических, геологических изысканий, процедур по отводу земель и многого другого.

Железнодорожные грузоперевозки между Казахстаном и Китаем в 2022 году превысили исторический максимум, составив свыше 23 миллионов тонн. С каждым годом данный показатель увеличивается. В этих условиях железнодорожный узел Алматы, находящийся на перекрестке основных международных маршрутов, испытывает

повышенную нагрузку. При этом железнодорожный маршрут, проходящий через пограничный переход Алтынколь – Хоргос, за последние годы показал динамичный рост.

На данном транзитном коридоре Алматинский железнодорожный узел обеспечивает движение поездов по четырем направлениям: Шу, Актогай, Алтынколь и Алматы-2. Реализация указанного проекта значительно сократит срок доставки грузов.

При этом доля местного содержания в рамках работ составит не менее 85% – производство шпал, рельсов и трансформаторов, поставка инертных материалов, песка и щебня будут осуществляться отечественными компаниями.

*Фото автора*

### ЖАҢА ҚҰРАМДАРМЕН ТОЛЫҒУДА

**Биылғы жылдың басынан бастап «Қазтеміртранс» АҚ (КТТ) паркі 50 жаңа вагонмен толықты.**

Сатып алынған ашық вагондар барлық заманауи стандарттарға толық сәйкес келеді және қажетті техникалық сипаттамалармен жабдықталған, олардың арасында жетпіс тоннаға жететін жүк көтергіштігі бар.

2023 жылы КТТ 240-тан астам заманауи ашық вагон сатып алса, соңғы он жылда олардың саны 25 мыңнан асты. Вагондар астық, көмір, құрылыс материалдары және басқа да әлеуметтік маңызы бар тауарларды қоса алғанда, әлеуметтік жүктерді тасымалдауға жұмылдырылған.

Ұлттық компанияның вагон паркіне ие болып отырған компания 2025 жылдың соңына дейін тағы 3000-ға жуық жаңа жүк вагондарын сатып алуды жоспарлап отыр.

*Ұлан ОРАЗ*

## ВАГОН ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ МАМАНДАРЫ ОҚЫТЫЛДЫ

**Вагон шаруашылығының техникалық қызмет көрсету қосыны және «Вагонсервис» АҚ телім басшыларын дамытудың корпоративтік бағдарламасына сәйкес 2 айлық оқу модулі аяқталды. Өткен аптада еліміздің 17 өңірі бойынша вагон шаруашылығының өкілдері арнайы сертификаттарға ие болды.**

**Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана

Теміржол тарихында бірінші рет өткізіліп отырған вагон шаруашылығындағы ТҚКҚ және «Вагонсервис» АҚ телім бастықтарын оқыту бағдарламасына өңірлерден 70 жуық адам қатысып, екі ай ішінде олар онлайн және офлайн білім алды.

– Вагон шаруашылығы мамандарына негізінен пойыздар қозғалысы қауіпсіздігі, вагон паркінің сақталуы тақырыптары, сонымен қатар техникалық, экономикалық-қаржылық бағытта да, көшбасшылық қасиеттерін дамытатын, кадр саясаты бойынша да білім берілді. Енді олар осы алған білімін жергілікті жерде өзге әріптестеріне таратып, олардың да деңгейін көтеруі тиіс. Оқытылған мамандар арасынан ең үздік нәтиже көрсеткен 10 адам одан әрі білімін жетілдіруге Ресейге жіберіледі. Жалпы бұл бағдарлама арқылы олардың тек білім деңгейін арттырып қана қоймай, арасынан болашақта депо басшылары мен олардың орынбасары қызметіне лайықты кадрлар даярлау көзделеді, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Вагон шаруашылығы департаментінің атқарушы директоры Қайраткен Нығметов.

Соңғы модульде бас қосқан вагон шаруашылығы мамандарына саланың басшылары мен білікті тренерлер дәріс беріп, тәжірибесімен бөлісті. Қатысушылар 6 командаға бөлініп, берілген тапсырмалар бойынша ой пікірлері мен жоба-ұсыныстарын қорғады. Түстен кейін комиссия мүшелері қатысушылардың білімі мен білігін бағалап, оларға түрлі номинацияларды бөліп берді. Қатысушылар «Вагон шаруашылығында жарақат алу жағдайларының алдын алу үшін қандай қосымша шаралар қабылдануы керек?», «Вагонсервис» АҚ телім бастығы мен ТҚКҚ бастығы қандай біліктіліктерге ие болуы қажет?» деген сұрақтарға жауап іздеді.

Іс-шара соңында қатысушыларға бірнеше номинация бойынша сертификаттар табысталды. Атап айтқанда, олар «Ең үздік командалық белсенділік», «Шешім қабылдағыштығы мен жеңіске деген ерік-жігері үшін», «Кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейі үшін», «Шешімдерді табуда креативтілігі мен стандартты емес ойлау жүйесі үшін», «Кәсібилігі мен жоғары стандарттарға ұмтылысы үшін», «Шешім қабылдаудағы дұрыс жасалған тәсілдері үшін» деген аталымдар бойынша марапатталды.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

КТ rail-news.kz

№29 (2959) 02/04/2024

# Тасқынға – тосқын

## ТЕМІР ЖОЛМЕН АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖЕТКІЗІЛЕДІ

**Ақтөбе өңірінде оннан аса өзен арнасынан асып, 5 аудан-да және облыс орталығында төтенше жағдай жарияланды. Республикалық, облыстық маңызы бар жолдарды су шайып, көлік қатынасы тоқтады. Тек теміржол бойы тасқын судан аман, сондықтан теміржолшылар су ортасында қалған ауылдарға азық-түлік жеткізуді ұйымдастыруда.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің мәліметіне сүйенсек, тасқын су Жем-Қандыағаш учаскесінде және Жұрын-Ізімбет аралығындағы тақ жолға және көпір астындағы күшті ағыс темір жолға да қауіп төндірді. Теміржолшылар дер кезінде көпірдің тірегін нығайту жұмыстарын жүргізіп, бұл жұмысқа 50 адам тартылды. 65 ТБ шпал және 150 қап құм төселді. Дәл осындай жұмыстар Қандыағаш-Қарауылкелді учаскесінің 69 км, 90-км де жүргізілді. Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің барлық (НЖС-11) желілік кәсіпорындары күшейтілген режимде жұмыс істеуге көшірілген. ТЖ төсемі, тұрғын үй, өндірістік-техникалық ғимараттардың маңында уақытылы айналма жолдар жүргізіліп, су жиналатын орындар анықталды. Қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін суды бұру бойынша шұғыл шаралар қабылданды. Тасқын суды өткізуге уақытылы дайындалу мен тиісті іс-шараларды уақытылы өткізу арқасында теміржол бойы зардап шеккен жоқ.

Қазіргі уақытта теміржолшылар Жем станциясы маңындағы ауылдарға азық-түлік жеткізуді қолға алған. Бұл туралы Мұғалжар ауданы әкімінің орынбасары өткізген жиында айтылды. Ембі қаласын темір жол арқылы азық-түлікпен қамтамасыз ету жергілікті станция басшыларына міндеттелді. Жиынға Қандыағаш станциясының бастығы А.Мажитов пен орынбасары А.Ақбалиев қатысты. Аудан әкімдігінің хабарлауынша, Ақтөбе қаласында орналасқан «Анвар» супермаркетінің басшылығымен келіссөздер жүргізіліп, нәтижесінде супермаркет арқылы Ембі қаласында орналасқан «Адсана» және «Әділет» сауда үйлеріне 80 тонна азық-түлік теміржол вагондарымен алдағы дүйсенбі күні жеткізілетін болды.

«Жаңа ғана жиын өтті. Темір жол арқылы азық-түлік тасымалдау жұмыстары басталды. Бүгін Ақтөбе қаласынан Жем станциясына 3 вагон азық-түлік жеткізіледі», – деді Қандыағаш станциясының басшысы Асхат Мәжитов.

Сонымен қатар Жем станциясында ауа райының қолайсыздығы, автожол қозғалысының қиындығына байланысты науқастар да теміржол арқылы тасымалданып жатыр.

«Ауыр науқастарды орталыққа жіберу жұмыстарын ұйымдастырып жатырмыз. Күнара диализ алып отырған адамдарды билеті болмаса да пойызға отырғызуды ұйымдастырдық», – деді Жем станциясының басшысы Арман Өтеғұлов.

Сонымен қатар Ақтөбе қаласында теміржолшы жастар мен волонтерлер тасқын судан зардап шеккендерге көмектесіп, су жолын бөгеуге қапшықпен құм тасып, гуманитарлық көмек таратып жүр.

*Суретті түсірген автор*

## Бүкіл Қазақстанды әбігерге салған көктемгі қызыл су тасқыны семейліктерді де күшейтілген режимде жұмыс жүргізуге мәжбүрлеуде. Өткен аптада желі бойында қарғын судан келер қауіп күрт артты. Теміржолшылар қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мақсатында қырағылық шараларын күшейтіп, жұмыстарын ширата түсті.

## КҮШЕЙТІЛГЕН РЕЖИМГЕ КӨШТІ

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

Ауа температурасының күрт көтерілуі себепті әсіресе Аягөз-Жарма-Жаңғызтөбе, Шар-Жаңа-Семей, Семей-Белағаш телімдері бойынша қауіп әлі де бар. Аягөз, Үшбиік, Шар станцияларының шеткі көшелеріне сай-саладан аққан қызыл су кіріп те үлгерді. Аталмыш бағыттағы желі бойымен өтетін автомобиль жолдарының кейбір бөліктерін де су шайып, көпірлер қирады. Соның себебінен автокөліктер қозғалысы шектелді. Десек те, қызыл су теміржол төсемдеріне залал келтіре алған жоқ. Қозғалыс барысы штаттық режимде жүргізілуде.

Семей магистральдық желі басшылығы жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, облыс аумағындағы тірек гидротехникалық құрылыстардың және су объектілерінің жай-күйіне күнделікті мониторинг жүргізіп жатыр. Бұл орайда құрылған жұмыс тобы өңірдегі еріген қар сулары жиналған аймақтарды, соның ішінде биылғы жылғы су тасқыны кезеңінде ықтимал қауіпті орындарды тұрақты түрде тексеруде.

Бүгінгі таңда ел шығысы бойынша барлығы 95 Гидротехникалық құрылыс бар екен. Оның біршамасы желі бойына таяу орналасқан. Қазір олардың барлығына дерлік тәуліктік бақылау орнатылған.

Қазіргі күні желі бойындағы ахуал қалыпты. Төніп тұрған қауіп жоқ. Басты себеп, НЖС-6 бөлімшесіне тиесілі 440 көпір, 368 құбыр, 181 км арық, 1216 км су жүретін арналар қардан толық аршылып, тазаланған болатын. Мұнымен қоса қажетті жағдайда шұғыл жұмылдыру үшін арнайы техникалар да толығымен даяр тұр.

Әйтсе де, бөлімшеге қарасты Аягөз ауданында жергілікті жағдайдағы төтенше жағдайдың жариялануына байланысты теміржол мекемелері тұрғындарға көмекке келуде. Мәселен, осы өңірде тасқын су кезінде жоғалған үш азаматты іздестіруге еріктілермен қатар теміржолшы жастар да тартылды. Бұл ретте Аягөз локомотив пайдалану депосының жастары дрон аппаратын да пайдалануда.

Станциялар басшылары жергілікті атқарушы билік өкілдерімен және төтенше жағдайлар қызметімен тығыз байланыста. Қажетті жағдай туындаса, тұрғындарды эвакуациялауға да дайын.

– Жаңғызтөбе станциясының тұсындағы республикалық маңыздағы автокөлік жолының көпірін су шайып әкеткенімен көп ұзамай қалпына келтірілді. Өңірдегі барлық жол айрықтарына кезекшілік қойып, жергілікті әкімдікпен бірлесіп жұмыс жүргізіп жатырмыз. Кез келген жайтқа дайынбыз, – дейді бұл орайда Жарма аудандық мәслихатының депутаты, Жаңғызтөбе станциясының бастығы Азамат Нұрғалиев. Айта кетсек, бұл өткен аптада Абай облысы бойынша су тасқыны қаупі артқан ең күрделі аумақтардың бірі болатын.

Қазіргі күндері Семей ЖТ бөлімшесі бойынша, су шаю қаупі ең жоғары аумақтар ретінде Жаңа-Семей және Аягөз жол дистанциясының қарамағындағы телімдер саналады. Сондықтан ПЧ-40 пен ПЧ-42 жолшыларына күш түсіп тұр.

Әйтсе де, жағдай кез келген уақытта өзгеруі ықтимал. Себебі көршілес Шығыс Қазақстан облысындағы Алтай тауының сілемдеріндегі қардың 80 пайызы әлі еріген жоқ. Ертіс бассейніндегі өзендердің көтерілу қаупі әлі де сақталып отыр. Демек, сын сағат алда...

*Суретті түсірген автор*

## САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

**Маңғыстауда биыл қар қалың болған жоқ. Мұнда тек жиналған жаңбыр суынан қауіп туындауы мүмкін. Дегенмен теміржолшылар кез келген төтенше жағдайға дайындығын пысықтап, бес қаруын сайлап отыр. Ағын суға қарсы қажетті құрал-жарақтарымен екі пойыз жасақталып, қауіпті тұстарға күзетті күшейткен.**

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Кезінде түбек теміржолының кейбір учаскелеріне қар суы жолды шайып кеткен жағдайлар болған. Сондықтан су басуға бейім жерлер назарға алынып, тиісті мамандар таулы-қыратты жерлерде судың көбею немесе жиналу қаупін қадағалап отыр. Су ағып өтетін бағыттардағы суағарлардың жағдайы жіті тексерілген. Қалпына келтіру пойыздары да дайындық сапына қойылған. Бейнеу және Маңғыстау станциясындағы екі қалпына келтіру пойызынан басқа теміржолға қауіп төніп, төтенше жағдай жарияланар болса, судың салдарымен күресуге қай мекемеден қанша адам шығатын тізімі де жасалған.

Синоптиктер наурыз айының соңы мен сәуір айының бастапқы онкүндігінде ылғал көп түседі деген болжам жасайды. Сол себепті барлық құрылым дайындық сапында, тасқынға қарсы пойыздар 15 мамырға дейін кез келген уақытта жолға аттануға әзір тұрады, – дейді Маңғыстау қосалқы бөлімі бастығының орынбасары Алпамыс Балғымбеков.

Ал Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің хабарлауынша, қазір түбек теміржолы аумағында бес жүзге жуық су құбыры мен жүз шақты көпір бар. Соның ішінде Маңғыстау жол дистанциясы қызмет атқаратын №9 бекет-Маңғыстау, Маңғыстау-Құрық порты, Маңғыстау-Болашақ станцияларына дейінгі аралықта 250 құбыр, 66 көпір, 9,6 шақырым кювет, 4,2 шақырым таулы арық орналасқан. Ал Бейнеу жол дистанциясына қарасты Бейнеу-Оазис, Бейнеу-Тассай, Бейнеу-Сай-Өтес станцияларына дейінгі жолдарда су өткізетін құбыр – 222, көпір 24 дана. Сонымен қатар бұл аумақта 25 шақырым кювет, 13,4 шақырым таулы арық бар. Мамандардың айтуынша, соның барлығы тексеріліп, тазаланып, жауын-шашынды мезгілге дайындық жасалған.

– Маңғыстау жол дистанциясы аумағында 55, Бейнеу жол дистанциясы бойынша 14 су шаюға бейім жер бар. Соған назар аударылуда. Сонымен қатар тасқынға қарсы екі пойыз жасақталып, Бейнеу станциясында бір жабық вагонға пиломатериал, цемент, т.б. материалдар тиелген. 60 дана шпал мен 12 дана рельс дайын. Сай-Өтесте бір платформа шпал, Шетпе станциясында бес платформа тас, 120 дана шпал әзірленді. Маңғыстау станциясында бір жабық вагон инертті материал, пиломатериал, цемент, т.б. материалдар, 12 дана рельс пен 2 платформа тас жүктеліп тұр. Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде азаматтық қорғаудың арнайы іс-шараларын жүргізу үшін 22 азаматтық қорғау құрамасы құрылды, – дейді Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Нұрболат Шалғабай.

Материал басылымға беттеліп жатқанда көктемгі су тасқынына байланысты түбек теміржолында селекторлық жиын өтіп, онда аталған жұмыстар тағы да егжей-тежейлі қаралды. Маңғыстау қосалқы бөлімі бастығы Нәжімеден Ғұбашов өңір теміржолы тарихында жаңбыр суымен байланысты 1991, 1997, 2006, 2012, 2016 жылдары орын алған жайттарды еске салып, сондай оқиғалар қайталанған жағдайда қапы қалмас үшін дайындықты күшейтуді тапсырды. Тасқын суды бөгеуге қарсы материалдарды көбейте түсіп, Шетпе станциясына тағы да 10 вагон қиыршық тас дайындап қоюды міндеттеді.

*Суретті түсірген автор*

## ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛЫП...

**Мамандардың айтуынша, бүгінгі таңда Атырау облысының аумағында су деңгейі тұрақты. Дегенмен, облыс елдімекендерінде су тасқынының негізгі қаупі Орынбор облысындағы Ириклинск және Волгоград су қоймаларынан судың көп келуіне, сондай-ақ өр, еріген қар суларының артуы салдарына байланысты болып отыр.**

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

Сала мамандарының мәліметінше, әзірге темір жолға төнген қауіп жоқ, бірақ сақтық шаралары жасалып отыр. Жалпы, су тасқынына қарсы 2024 жылға жергілікті бюджеттен 2 млрд 374 млн бөлініп, оның ішінде 1 млрд 358 млн теңге төтенше қорға, 1 млрд 16 млн теңге шұғыл шығындарға қаралған. Көктемгі су тасқынына қарсы 17 тонна жанар-жағар май, 48,5 тонна инертті материалдар дайындалып, 1 153 адам, 303 техника, 16 дана жүзгіш құрал және 107 дана мотопомпа жұмылдырылған.

«Жолды су шайып кетуге қарсы 2 пойыз жасақталды, олар Ганюшкино мен Құлсары станциясында орналасқан» деген Атырау магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Аманқос Жылқыбаев көктемгі сел тасқыны, өр, жаңбыр сулары ағысы кезінде жолдың, жол төсемінің және жасанды құрылыс кешендерінің сақталуына қатысты техникалық іс-шаралар өз деңгейінде орындалып жатқанын жеткізді.

Облыс аймағындағы темір жол торабы бойынша негізгі жолдың ұзындығы – 555,8 шақырым. Бөлімшенің қызмет көрсету учаскесінде жол аралығында 56 көпір, 204 темірбетонды су құбыры бар. Атырау облысы аумағында негізінен Жайық өзені өтеді, сондай-ақ Қиғаш, Жем, Сағыз, Ойыл өзендерінің де тасуы мүмкін, ауа райының жылуына байланысты біртіндеп еріп жатыр. Каспий теңізі де бүйірде тиіп тұр. Биылғы жылы жауған қар көлемі жылдағыдан көп болмағанымен, су негізінен Ресейден ағыспен келетіндіктен, су тасқыны болуы ықтимал. Әсіресе Ресеймен шектес Қиғаш өзенінен қауіп бар. Соған орай бүгінде бөлімше бойынша сақтық жұмыстары ұйымдастырылып, су тасқыны үшін вагондармен келген жабдықтар Ганюшкино станциясында тұр. Атырау облысы аймағына қарасты теміржол торабы бойынша су шайып кетуге қарсы 2 поезд құрамы, 14 вагон жасақталған. Оның ішінде Атырау жол дистанциясы бойынша 2 вагон, Құлсары дистанциясы бойынша 5 вагон, шебін, құм, құрал-жабдықтар тиелген 7 вагон Ганюшкино станциясына, 7 вагон Құлсары станциясына бекітілген.

Наурыз айының басында Ганюшкино станциясына жақын Шортанбай және Дыңғызыл селолық округтерінің қауіпті деген учаскелеріне барып, тексеріп, нәтижесінде су ағатын жүйелерді қосымша тазарту жұмыстары жүргізілген. Жалпы өңірде су тасқыны қаупін болдырмау үшін қажетті заттар дайындалды, тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша келісімшарттар жасақталды. Мамандардың пікірінше, соңғы жылдары Жайық өзенінің деңгейі төмен. Биыл Атырауда қар көлемі әдеттегі мөлшерден аспады, бірақ жауын-шашын көп болды. Көктемгі су тасқыны аймаққа еш зиянын салмай өте шығады екен деп қаннен-қаперсіз отыруға тағы болмайды. Қазірдің өзінде Миялы селосында 1486 текше метр су сорылған. Сондықтан қала-аудандардағы арнаулы техникаларды, тасқынға қарсы тұрғызылған бөгеттерді жөндеу, елді мекендердің қауіпті аймақтарына топырақ, қапшық, жанар-жағармай жеткізу, темір жол бойын су тасқынынан сақтау шаралары алынды.

«Қазірде жасанды құрылыс кешендері, көпірлер, темірбетонды тұрбалар, кюветтік су жүрісі жыралары қардан, қоқыстан тазартылып, күнделікті күтіп-ұстау, жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Су тасқыны кезінде шайып кету қаупі бар көпірлер мен тұрбалар күнделікті диспетчерлік бақылауға алынған. Жасанды инженерлік құрылыстар жіті назарда», – дейді Атырау қосалқы бөлімінің азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі инженері Нұрлан Сұлтанғалиев.

## ЖЕЛІЛІК АППАРАТТЫҚ ЗАЛДАР ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

МОДЕРНИЗАЦИЯ

**Сарышаған сигнализация және байланыс дистанциясының 3 бірдей желілік аппараттық залы модернизациялау бағдарламасына енгізілген. «Шу – Астана» бағыты бойынша жаңғырту кезеңіне кірген аппараттық залдардың жаңғыртылуы – жұмыс сапасын арттырып, қауіпсіздікті қамтамасыз етері сөзсіз.**

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл

Дистанция бастығы Бауыржан Қалақбасовтың айтуынша, былтыр жыл соңында басталған жаңғырту жұмыстары биыл алғашқы тоқсанда аяқталмақшы. Еліміз бойынша екі жыл бұрын басталған магистральдық желілерді модернизациялау жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатқаны белгілі.11 станцияда радиобайланыс орнатылған, 257 бағыттама бұрмасы бар, 267 шақырым магистральдық желі бойындағы жол қозғалысының қауіпсіздігіне жауапты Сарышаған сигнализация және байланыс дистанциясында желілік аппараттық ғимараттарды жаңғырту жұмыстары көп жылдан бері кезегін күткен мәселе-тін.

Дистанцияның бас инженері Мақсат Исаев 267 шақырым желі «Неман» диспетчерлік орталықтандыру жүйесі арқылы бақыланатынын айтады. Ал бағыттағыш бұрмалардың 204 данасы жаңа италиялық «Ariston» бұрмасына ауыстырылыпты. Тағы елуінде СП-6М ресейлік бұрма қойылған.

– Дистанцияда 583 бағдаршам,



3 теміржол өткелі бар. 2013 жылы теміржол жылжымалы құрамының қозғалыс бөліктерін диагностикалауға арналған көпфункционалды техникалық құралдар кешенін «КТСМ-01»-ден «КТСМ-02»-ге жаңартылған. Осындай модельдің 13-і бар, бұл құрылғы вагонға ілесіп, салбырап келе жатқан зат болса, бәрін тексеріп, анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ дөңгелектің қызуын бақылап, уақытылы майланды ма, жоқ па, анықтай алады. Жалпы ақауларды анықтап, оны дер кезінде жоюға керекті техникаларымыз, бір дәнекерлеу цехымыз бар. Дрезина, 9 машина, бір ЗИЛ жүк көлігі, бір тракторымыз кез келген жұмысқа дайын, жұмысшылар игілігінде, – дейді Мақсат Сейдалыұлы.

Сигнализация және байланыс дистанцияларының жұмысын теміржол саласындағы микрохирургияға балаған бас инженер жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуде техникалар мен құрылғылардың жаңартылуы аса маңызды екенін алға тартты.

*Суретті түсірген автор*

№29 (2959) 02/04/2024

# Паводок

## УГРОЗА МОЖЕТ ПОЙТИ С ГОР

**Несмотря на то что в стране сложилась напряженная ситуация, связанная с паводком и подтоплениями, на территории Восточно-Казахстанской области вдоль автомобильных и железных дорог все стабильно. Здесь нет скоплений снега, заблаговременно очищены все искусственные сооружения, включая канавы и мосты.**

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

По данным директора Семейского отделения магистральной сети Айдына Шаукежанова, на сегодняшний день железнодорожники бдительно следят за уровнем воды в горных реках.

– В горных районах еще не было подъема уровня воды в реках, – объяснил Айдын Шаукежанов. – Пока там все стабильно. Подъем уровня ожидается в апреле-мае. Тогда пойдет вода с горных рек на равнинную местность. К паводковой ситуации все наши люди готовы, противоразмывные поезда также находятся в готовности.

Около двух недель назад в Семейском отделении магистральной сети завершили последние приготовления к паводку: сформировали пять противоразмывных поездов, а также вскрыли канавы для свободного пропуска воды.

## ДЕРЖАТЬ УДАР ОТ СТИХИИ

**В Алматинском регионе готовы к угрозам подтопления. Особенно важную роль играют работники путевого хозяйства, которые активно борются с талыми водами и принимают первый удар от стихии.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

Путейцы заблаговременно готовились к пропуску талых вод, очищая кюветы, нагорные и водоотводные каналы, чтобы справиться с возможными непогодными условиями в регионе.

В Алматинском отделении магистральной сети в период прохождения весеннего паводка для укрепления земляного полотна сформировано пять противоразмывных поездов на станциях Алматы-1, Актогай, Бесколь, Айнабулак и Алтынколь.

В их составе имеются 38 вагонов, в том числе: пять крытых с инструментами, инвентарем и материалами, 14 платформ с бутовым камнем, габионами, 15 платформ с некондиционными железобетонными шпалами, четыре рельсовых пакета.

Создан необходимый запас материалов: мешки, веревки, брезентовые костюмы, рукавицы, кирки, носилки и лопаты. Вся техника – автомотриса, автотранспорт на ходу.

Вдоль железнодорожной магистрали Алматинского отделения насчитывается 74 опасных места. Машинисты поездов получили указание сообщать о скоплении воды вдоль железных дорог.

Отделение имеет 14 плотин и водохранилищ, расположенных выше железнодорожного полотна. Все шлюзы гидроузлов проверены, их объемы наполнения оценены и оформлены соответствующие акты проверок. Фактический объем заполнения не превышает максимальной емкости.

Установлена связь с ДЧС районов, а также с ДЧС Алматинской и Жетысуской областей.

– В целях контроля над проходом паводковых вод ведутся дополнительные обходы, объезды и круглосуточные дежурства руководителей среднего звена дистанции пути, сигнализации и связи, электроснабжения, – отмечает начальник отдела пути Алматинского отделения магистральной сети Руслан Нурболат.

Алтынкольские путейцы также отслеживают паводковую ситуацию с обновлением информации каждый час. Ежедневно производятся осмотр и промер русел рек, на больших мостах Тургень, Курчилик, Шарын, Или и Хоргос. Приняты все необходимые меры для сохранности инженерных сооружений, предупреждения деформации земляного полотна. Таким образом, Алматинское отделение магистральной сети готово к пропуску паводковых вод.

*Фото автора*

## РАБОТАТЬ В СВЯЗКЕ, КАК ЕДИНОЕ ЗВЕНО

**В Карагандинском регионе в очередной раз наблюдается неустойчивая погода – после выпадения обильных осадков в виде снега резко начинается потепление. Такая картина свидетельствует о том, что весна будет осложнена нестабильной паводковой ситуацией.**

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

Как отметил главный ревизор департамента безопасности движения по Карагандинскому участку Булатбек Альмурзаев, каждая организация отвечает за свой фронт работы.

